

**Алматы облысы Іле ауданы
Т.Бокин атындағы №41 орта мектебі**

АЛГОРИТМ ТҮРЛЕРІ

Информатика пәнінің мұғалімі: Сарсенғалиев Б.Ж.

Информатика
6 сынып

Сабақтың мақсаты

Оқушыларды алгоритмнің түрлерімен таныстыра отырып, жазылу жолдарын меңгерту, алгоритмнің түрлері бойынша олардың блок-сызба түрінде кескіндеуді, берілген есептерге алгоритмдер құруды үйрету.

Оқыту нәтижесі:

Алгоритмнің сызықтық, тармақталған және циклдік түрлерімен танысады;
Алгоритмдердің графикалік түрде кескінделу жолдарын пысықтайды;
Тармақталған алгоритм шарттарын анықтаудың блок-сызба элементін салуды меңгереді;
Толық және толық емес тармақталған блок-сызба құрылымын есептер шығаруда қолдануды үйренеді.



Сәлемдесу тренингі

Сәлем достым! *(амандасады)*

Сен қалайсың? *(иықтарынан қағады)*

Қайда болдың? *(құлақтарынан тартады)*

Мен сені сағындым! *(қолдарын жүректеріне қояды)*

Сен келдің *(қолдарын жаяды)*

Жақсы болды *(құшақтайды)*

Оқушыларды тренингтің мақсатымен таныстырады да тренингті жүргізіп, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады.

«Сенемін, сенбеймін» стратегиясы арқылы үй тапсырмасын сұрау. Оқушыларға бір-бір кестеден таратып береді де ойынның шартымен таныстырады. Кестедегі тұжырымға сенетін болса, яғни тұжырым дұрыс болса «+» таңбасын, тұжырым қате болса «-» таңбасын қоюды ескертеді. Әр ұяшыққа сәйкес сұрақтар оқылады. Жауаптарды түзетуге болмайтындығын, түзету жасалса қате болып саналатынын ескертеді.

№	Тұжырымдар	«+» - сенемін, «-» сенбеймін
1.	“ Алгоритм – берілген есепті шешудегі жасалатын әрекеттердің дәл және қарапайым етіп жазылуы.	
2.	Алгоритмді жүзеге асырушыны орындаушы деп атайды.	
3.	Кез келген алгоритм «басы» деген бұйрықпен бітеді.	
4.	Алгоритмді графиктік түрде кескіндегенде енгізу және шығару мәліметтері параллелограмға жазылады.	
5.	Блок-сызбада әр іс-әрекет фигуралардың көмегімен сипатталады.	
6.	Алгоритм дыбыстық формада беріледі.	
7.	Алгоритмді графиктік түрде кескіндегенде алгоритмнің басы және соңы эллипспен беріледі.	

Түйінді сөздер

- **Сызықтық алгоритмдер**
- **Тармақталған алгоритмдер**
- **Циклдік алгоритмдер**

СЫЗЫҚТЫҚ АЛГОРИТМ

Егер алгоритмнің N қадамы болса және олардың барлығы басынан аяғына дейін бірінен соң бірі тізбектеле орындалатын болса, онда ондай алгоритмді **сызықтық алгоритм** деп атаймыз.

мәре



басы

әрекет 1

...

әрекет n


соңы

сөре



СЫЗЫҚТЫҚ алгоритм

Бутерброд
әзірлеу:



Басы

Нанды кесіп алу

Нанға май жағу

Ірімшіктен кесіп алу

Ірімшікті нанға қою

СОҢЫ

Ағаш отырғызу алгоритмі

1. Шұңқыр қазу
2. Көшетті шұңқырға салу
3. Көшетті топырақпен жабу
4. Көшетке су құю




Тармақталған алгоритм

Егер алгоритм қадамдарының тізбектеле орындалуы қандай да бір шартқа тәуелді өзгереді болса, онда мұндай алгоритмді **тармақталған алгоритм** дейміз.




Тармақталған алгоритм



Тармақталған алгоритм

Толық емес тармақ



тармақталу

ЕГЕР денім сау болсын десең,

ОНДА шынық,

Әйтпесе диванда жатып тынық





ЕГЕР саңырауқұлақ болса,


ОНДА себетке сал

Циклдік алгоритм

Алгоритмнің бірнеше рет қайталануын **циклдік алгоритм** деп атайды



Үй тапсырмасын орындау



Күлшеқызды іздеу алгоритмі

